Документ подписан: Амамбаева А. С., 18.06.2026

Дата вступления в законную силу: 27.07.2026, судья Амамбаева А. С., 27.07.2026

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2026 жылғы 18 маусым №1112-26-00-2/1363 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Амамбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Ақмола облысы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Шортанды ауданы, Жолымбет кентінің арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Хан» Байдәулет Арман Жұмаханұлы

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1)мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы,
2)тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Ақмола облысы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Шортанды ауданы, Жолымбет кентінің арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дара кәсіпкер «Хан» Байдәулет Арман Жұмаханұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Хан» Байдәулет Арман Жұмаханұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Хан» Байдәулет Арман Жұмаханұлынан мемлекет пайдасына 16 024 (он алты мың жиырма төрт) теңге 18 (он сегіз) тиын

көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 2 646 (екі мың алты жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.С.Амамбаева**

Документ подписан: Амамбаева А. С., 18.06.2026
Дата вступления в законную силу: 27.07.2026, судья Амамбаева А. С., 27.07.2026
1112-26-3-1/1331